

## Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 10 қазандағы № 2339 қаулысы. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 19 қаңтардағы № 76 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 19.01.2024 № 76 қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, жер комиссиясының 2022 жылғы 5 тамыздағы № 839 қорытындысы, "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 1010 бұйрығымен бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Светлана Владимировна Тарасоваға газ құбырының инженерлік желілерін салу үшін (құрылыс орнынан ортақ пайдалану аумағына ауыстыруға байланысты қолданыстағы газ құбырын қайта жаңарту үшін) Қостанай қаласы, Мәуленов көшесі, 33/1 үй мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы алаңы 0,0082 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*М. Жүндібаев*